**Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулері туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 24 маусымдағы № 41/242-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 маусымда № 3222 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 13/77-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 21.02.2017 № 13/77-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, 47 бабының 4 тармағына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түркістан қаласының бюджеті есебінен қаржыландырылатын, Түркістан қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда) қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулеріне құқық берілсін:

1) 1-4 сыныптары – ақысыз жол жүру.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қалалық мәслихат* | |
| *сессиясының төрайымы* | *А.Тилепова* |
| *Қалалық мәслихат хатшысы* | *Ғ.Рысбеков* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК